

7-тарау.

Қаржылық қатынастарды құқықтық қамтамасыз ету



Мемлекеттің қаржылық
қызметінің құқықтық негіздері

Қаржылық қызметті жүзеге асыру қатысушы субъектілердің құқықтары мен міндеттерін, жауапкершіліктерін анықтауды талап етеді. Қаржы қызметі барысында қаржылық қатынастан басқа, құқықтық әртүрлі салаларымен реттелетін еңбек, азаматтық және басқа да қоғамдық қатынастар пайда болады.

Қаржы құқығы – бұл мемлекет пен жергілікті өзін өзі басқару органдарының орталықтандырылған ақшалай қорларын (қаржы ресурстарын) құру, бөлу және пайдалану процесінде пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін занды нормалар жиынтығы. Қаржы құқығы пәннің қаржы жүйесі құрылымын бекіту, қаржы қызметі процесінде пайда болатын қатынастарды реттеу функциялары мен әдістерін бөлу жатады.

Қаржы құқығы көптеген жекелеген қаржы нормаларынан тұрады. Ол жалпы және ерекше бөлімді қамтиды.

Қаржы құқығының жалпы бөлімінде келесілер карастырылады:

- жалпы принциптер;
- құқықтық нормалар;
- мемлекеттің қаржылық қызметінің әдістері;
- қаржы қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жүйесі;
- мемлекеттік органдардың функцияларын шектеу;
- қаржылық бақылау нысандары мен әдістері;
- қаржы қызметінің контрагенттерінің негізгі белгілері;

- қаржылық құрылым;
- ақша жүйесінің құқықтық негіздері;
- қаржы облысындағы басқару;
- қаржылық жоспарлау, қаржылық бақылау;
- қаржы-құқықтық жауапкершілік.

Қаржы құқығының ерекше бөлімінде белгілі қаржы институттарының мәртебесі айтылады:

- бюджеттің (бюджеттік құқық, салық құқығы);
- бюджеттен тыс қорлардың;
- мемлекеттік кірістердің;
- мемлекеттік шығыстардың;
- мемлекеттік кредиттің;
- мемлекеттік сақтандырудың;
- банктік несиелеудің;
- ақша айналысы мен есеп айырысудың;
- валюталық реттеудің.

Мемлекеттік қаржы қызметі келесілер жататын құқықтық нысандарда жүзеге асырылады:

- нормативтік сипатағы заңды актілерді шығару;
- жеке қаржы-құқықтық актілерді шығару, оның көмегімен мемлекет нақты қаржы қатынасын реттейді;
- екі жақты қаржы-құқықтық актілерді, яғни шарттарды бекіту;
- салықтарды мәжбүрлеп өндіріп алу.

Мемлекеттік қаржылық қызметін жүзеге асыру процесіндегі заңдылығын қамтамасыз етудің негізгі әдістері:

- конституциялық қадағалау;
- прокурорлық қадағалау;
- істі сотта қарау;
- қаржылық бақылауды жүзеге асыру;
- кінәлілерді жауапкершілікке тарту;
- заңды бұзушылықты жою;
- заңсыз әрекеттерге шағымдану.

Құқықтық реттеу әдісі деп мемлекеттік қаржы қатынастарына қатысушилар әрекетіне олардың құқықтары міндеттерін анықтау арқылы ықпал ету тәсілі түсініледі.

Құқықтық реттеудің негізгі әдістері:

- императивтік әдіс, яғни ақша иелерінің оның қалауынсыз алынатын билік нұскама (ұйғарымы) әдісі, директивтік, әкімшілік, күштеу, күштеу әдістері;
- диспозициялық әдіс – шартты, келісу әдісі, ол мемлекеттік қарыз қатынасымен сипатталады.

Қаржы құқығы өзінің пәнніне қатысты қоғамдық қатынастарды реттей отырып, осы қатынасқа қатысуышылардың немесе субъектілердің шенберін анықтайды, оларға мемлекеттік ақшалай қорларды бір қалыпты құру, бөлу мен пайдалануды қаматамасыз ететін заңды құқықтар мен міндеттерді жүктейді. Осындай құқықтар мен міндеттер жүктелгендер қаржы құқығының субъектілері болып табылады.

Қаржы құқығы субъектісі – құқықтық субъективтілікке ие, яғни қаржылық құқықтық қатынасқа қатысуға потенциалды қабілетті тұлға. Қаржылық құқықтық қатынас субъектісі – бұл нақты құқықтық қатынастың нақты қатысуышы, қаржы құқығының барлық қатысуышылары – құқықтық қатынасқа қатысуышылар болмайды. Құқықтар мен міндеттемелердің бір бөлігі іске асырылмай қалуы мүмкін.

Қаржы құқығы субъектілерін үш топқа бөлуге болады:

- қоғамдық-аумақтық құрылым, яғни мемлекет, қалалар, аудандар, ауылдар;
- ұжымдық, яғни мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, мемлекеттік билік және басқару органдары, кәсіпорындар, қаржылық-өнеркәсіптік топтар, шаруа фермерлік кожалықтары және т.б.;
- жеке, яғни азаматтар.

Мемлекеттік қаржылық қызметінің құқықтық негіздері болып заң шығару немесе атқаруши билік органдарымен қабылданатын, нормативтік, жеке, аралас, заңды, заңға бағынышты болуы мүмкін қаржы-құқықтық актілер табылады.

7.2.

**Қаржылық құқықтық
нормалар және
қаржылық құқықтық
қатынастар**

Қоғам мен жеке азаматтардың өмірінде қаржының маңызды болғандығына байланысты қаржы құқығы құқықтың маңызды саласы болып отыр. Барлық заңды және жеке тұлғалар бір бірімен және мемлекетпен көптеген қаржылық қатынастарға түседі.

Мемлекеттің қаржы-құқықтық қызметі тек қана құқықтық негізде жүзеге асырылады, ал қаржы құқығы құқықтық нормалар жиынтығы ретінде болады.

Қаржы-құқықтық нормалар – бұл қаржы құқықтығының құқық саласы ретінде қалыптасуының бастапқы элементі болып табылады.

Құқықтық норма – бұл мемлекетпен белгіленетін және қорғалатын, қоғамдық қатынастарға қатысуышылардың нормативтік-құқықтық актіде көрсетілген, көп рет пайдалануға есептелген және мемлекеттік күштеу шараларымен қамтамасыздандырылған әрекет тәртібі.

Қаржы-құқықтық норма (қаржылық құқық нормасы) – бұл мемлекетпен белгіленген және қатысуышылардың заңды құқығы мен заңды міндеттемелерін бекітетін, мемлекеттік ақшалай қорлар мен кірістерді бір қалыпты құру, бөлу және пайдалану процесінде пайда болатын, қоғамдық қаржы қатынасындағы қатаң белгіленген әрекет тәртібін мемлекеттік күштеу шараларымен қамтамасыз ету.

Қаржының құқықтық қатынасы – оларға қатысуышылар мемлекеттік ақшалай қаражаттар мен кірістерді құру, бөлу және пайдалану бойынша, осы нормаларда мазмұндалатын заңды құқықтар мен міндеттерді тасымалдаушылар болып табылатын, қаржы-құқықтық нормалармен реттелген қоғамдық қатынас.

Қаржы-құқықтық нормалар – қатынаска қатысуышылар үшін мемлекеттің қаржылық қызмет процесі кезінде пайда болған тәртіplerі.

Олар келесі белгілерге ие:


- мемлекеттік билік әрекетін сипаттайтыды;
- парламентпен қабылданады;
- көп реттік пайдалануға арналған және объектілердің белгігі санына бағытталған әрекеттердің міндетті тәртібін камтиды;
- белгілі құқықтық норма актілерімен белгіленеді;
- олардың атқарылуы мемлекеттің заңды қүшімен қамтамасыз етіледі.

Қаржы-құқықтық нормаларды мемлекет әзірлейді, ол мемлекеттің өз жағдайын асыра пайдалануына жағдай жасайды.

Қаржы-құқықтық нормалар бірқатар құраушылармен сипаттады:

1. Мазмұны бойынша:
 - мемлекеттік ақшалай қорларды қалыптастырудың қаржы-құқықтық нормалары;
 - мемлекеттік ақшалай қорларды бөлудің қаржы-құқықтық нормалары;
 - мемлекеттік ақшалай қорларды пайдалануды ұйымдастырудың қаржы-құқықтық нормалары.
2. Нұсқама (ұйғарым) - негізінен императивтік.
3. Жауапкершілігі бойынша – ең маңызды құқықтық жауапкершілік белгіленеді.
4. Мемлекет құқығын қорғау тәсілі бойынша – нормалар өз мүдделерін қорғау үшін бір жақты қорғаумен үlestіріледі.
5. Рәсімдеу тәсілі бойынша – қаржы-құқықтық нормаларға оқиғаны сипаттаудағы нақтылық тән.
6. Мемлекеттің меншікті материалдық мүдделерін іске асыру тәсілі бойынша (4-сурет).

Аталған құраушылар қаржы нормаларын мемлекет мүдделерін қорғамайтын және субъектіні тең қатынасқа қоятын азаматтық-құқықтық нормалардан ерекшелейді.



4-сурет. Қазақстан Республикасында пайдаланылатын қаржы-құқықтық нормалардың түрлері.

Ескерту: автормен құрастырылған.

Реттеу сипаты бойынша қаржы-құқықтық қатанастар реттеуші және коргалатын болып бөлінеді. Реттелетін қаржы-құқықтық қатанастар мемлекеттің қаржылық қызметін реттеуге мүмкіншілік береді, ал қоргалатын субъектілерді қаржы-құқықтық жауапкершілікке тартуда құқықтарын қамтамасыз ету мен занды мүдделерін коргауға арналған.

Реттеуші болып құқық қатанастарына қатысушыларға белгілі жауапкершіліктерді жүктейтін немесе оларға белгілі құқықтарды беретін нормалар табылады. Олар міндеттеушілік, тиым салушылық, уәкілеттілік болуы мүмкін.

Қаржы құқықтының қоргаушы нормалар мемлекеттік бюджетке қаражаттарды жинау бойынша мемлекеттің қаржылық мүдделерін қоргауды қамтамасыз ету құралы, қаржы қатанастары субъектілерінің сәйкес атқаруын қамтамасыз ету құралы ретінде қатысады.

Міндеттеушілік қаржы-құқықтық нормалар құқық қатанасына қатысушыларға белгілі әрекеттерді орындауға нұсқама береді, мысалы, мемлекеттік бюджет қаражаттарын нақты мақсатқа пайдалануға.

Тиым салушылық қаржы-құқықтық нормалар белгілі әрекеттерден қалыс қалу туралы нұсқау береді, мысалы, жергілікті бюджеттен қосымша алынған кірістерді алып қою.

Уәкілеттілік қаржы-құқықтық нормалар белгілі әрекеттерді жасауға мүмкіндік береді, мысалы, салық органдарымен несие беру, яғни салықтарды төлеуді кейінге қалдыру, қаржы қатанастарына қатысушылар құқығын белгілейді.

Құқықтық реттеу тәсіліне тәуелділікте қаржы-құқық нормалары императивтік және диспозитивтік болады.

Міндеттеушілік және тиым салушылық қаржы-құқықтық нормалар императивтік болып табылады, яғни нұсқамадан ауытқуға жол берілмейді және олардың мүлтікіз орындаудын талап етеді.

Диспозитивтік қаржы-құқықтық нормалар әрекет нұсқасын тандауға мүмкіндігіне рұхсат етеді және уәкілеттілік болып табылады.

Қаржы-құқықтық нормалардың мазмұнына байланысты материалдық және ұйымдастырушылық болып бөлінеді.

Материалдық қаржы-құқықтық нормалар ақша қозағысын материалдық объект ретінде реттейді, мысалы, субъекттің салық міндеттемелерін қалыптастырады; кәсіпорындар мен азаматтардың ақшалай міндеттемелер түрлері мен көлемдерін бекітеді; банктердің несие ресурстарын құру көздері; бюджет және бюджеттен тыс қорлардың шығындар түрлері.

Материалдық қаржының құқықтық қатанастарына тән белгілер:

Ақша қорларын құру және бөлумен байланысты процестерді пайдаланады.

Қатанас объектілері болып ақша және ақша міндеттемелері қатысады.

Мазмұны болып экономикалық қаржылық қатанастар табылады.

Ұйымдастырушылық қаржы-құқықтық нормалар қаржы қызметтің қаржылық құрылымын, нысандары мен технологиясын анықтайды, мысалы, қаржы құрылымын, ақша жүйесін, бюджеттік процесті (іс жүргізу нормалары).

Ұйымдастырушылық қаржы-құқықтық нормалардың ішінде мемлекеттің қаржы органдарының құқықтары мен міндеттерін және құқықтық мәртебесін белгілейтін құзіреттік нормалар маңызды орын алады, мысалы Қаржы министрлігі, салық инспекциясы.

Ұйымдастырушылық қаржы-құқықтық нормалар міндеттеу-шілік, тығым салушылық, уәкілеттік болады.

Ұйымдастырушылық қаржы-құқықтық қатынастары келесілерді сипаттайды: мемлекеттің ақша жүйесін, мемлекеттің қаржы құрылымын, қаржы облысында басқару органдары жүйесін қалыптастыруды; мемлекеттік ақшалай қорларды қалыптастыру және бөлу процестерін жоспарлауды ұйымдастыруды; мемлекеттік ақшалай қорларды пайдалануды, осы пайдалануға бақылауды қоса ұйымдастыруды.

Бұл қатынастар базисті емес, қондырма болып табылады, экономикалық базисті қатынастардың құқықтық нысаны ретінде қатыспайды, ақшалай және мүліктік болып табылмайды. Олар материалдық қатынасы бойынша қайталама болады, объект ретінде ақшаны емес, мемлекеттің қаржы қызметін жүзеге асыру тәртібі болып табылады және келесідей бөлінеді;

- бюджеттік (бюджеттен тыс мақсатты қорларды қалыптастыру мен бөлу бойынша);
- қаржы-шаруашылық (орталықтандырылмаған ақшалай қорларды қалыптастыру мен бөлу бойынша);
- қаржы-банктика;
- қаржы-сақтандыру.

Қаржы-құқықтық норма үш элементтен тұрады:

- белгілі норма қолданылатын жағдайларды сипаттайтын болжамдар;
- диспозиция, яғни қаржылық қатынастарға қатысуышылардың құқықтары мен міндеттерін мазмұндайтын әрекет тәртібі;
- нұсқаманы, яғни жауапкершілікті орындау салдарын сипаттайтын санкциялар.

Қаржылық құқықтық қатынастарға келесі мінездемелер тән:

Қаржы-құқықтық нормалар негізінде пайда болады және оның әрекет нәтижесі болып табылады.

Мемлекеттің еркімен, мемлекет мұддесімен шарттас-тырылған.

Мемлекет пен муниципалды күрылымдардың қаржылық қызмет сферасында пайда болады және дамиды.

- Қошшілік мұдделерін іске асыру нысаны болып табылады.
- Экономикалық қатынас болып табылады.
- Мүліктік сипатқа ие.
- Императивтік (әмірлік, бұйрықтық), билік сипатына ие.

Қаржы қатынасының пайда болу себебі болып мемлекеттің құқықтық актісі табылады. Салықтар арқылы тұлғалардың ақшалары мемлекеттің меншігіне өтеді немесе мемлекет өндірістік емес құрылымдарға ақша бөле отырып, оған деген меншік құқығын жоғалтады.

Осындаған жіктеу құқықтық қатынастардың қайсібір корға және қаржы жоспарының беліміне қатысы туралы айтуда мүмкіндік береді.

Қарапайым қаржылық құқықтық қатынас (бір құқық пен бір міндет) пен құрделі (субъектіде бірнеше құқық пен міндет болады); өзара бағынышты субъектілер арасындағы тік қаржылық құқықтық қатынасты және көлденең бір деңгейдің бағынышты емес субъектілері арасындағы қатынастарды ерекшелейді.

Қаржылық құқықтық қатынастарды екі жақты және көп жақты деп бөлу мүмкін.

Құқықтық реттеу әдісінен тәуелділікте қаржылық құқық қатынастары бір жақты билік және келісімді деп бөлінді. Бірінші нысан бұйрықты және мәжбүрлі болып табылады, мысалы салықтар. Келісімді қаржылық құқықтық қатынастар тараптардың қарама қарсы өз еркін білдіру негізіне сүйенеді, мысалы мемлекеттік қарыз қатынасы.

Мемлекеттің қаржылық қызмет әдісі бойынша салықтық, қаржы-несие құқық қатынастарын, қаржыландыру қатынастарын ерекшелейді.

Құқықтық қатынас субъектісі болып қаржылық құқықтық қабілетке ие, яғни құқықтық қатынасқа қатысуға қабілетті тұлға табылады. Мемлекет өкілетті мемлекеттік орган тұлғасында, ұлттық-

мемлекеттік және әкімшілік-аумақтық құрылымдар, мемлекеттік билік органдары, заңды және жеке тұлғалар, шетелдік азаматтар, азаматтығы жоқ тұлғалар субъект болып табылады.

Қаржылық құқықтық қатынастарының субъектілері үәкілетті және міндетті болып бөлінеді. Мысалы, мемлекеттік заем қатынасында мемлекет міндетті болып табылады.

Салықтарды өндіріп алуда салық органдары құқық қатынасының субъектісі болып табылмайды, өйткені мемлекеттік бюджет салық инспекциясының емес, мемлекеттің қоры болып табылады. Салықты ұстайтын үйім мемлекет атынан әрекет ететін, мемлекеттің қаржы агенттері болып табылады, оған мемлекет билік өкілдегі береді, бірақ салық агенттің құқығы мемлекеттің құқықтары мен міндеттемелерімен бірдей емес. Мысалы, салық органдары салықтарды өздері тағайындалмайды және күшін жаймайды, жиналған салықтарды иеленбейді. Мемлекет құқықтық қатынас субъектісі, ал оның өкілі – қатысуши болып табылады.

Қаржылық құқықтық қатынастардың субъектілерінің құқықтарын қорғау тәсілдері субъект жағдайы мен қаржылық құқықтық қатынастар типіне тәуелді болады.

Мемлекет өз мүдделерін келесі жолдармен қорғайды:

- қаржылық қарыздарды бір жакты мәжбүрлеп өндіріп алу, борышкер мүлкін өндіріп алуды қоса;
- өз міндеттемелерін орындаған тұлғаны қаржы-құқықтық немесе әкімшілік жауапкершілікке тарту;
- материалдардық, қылмыстық жауапкершілікке тарту мақсатында құқық қорғау органдарына бағыттау.

Құқық қатынастарының басқа субъектілері өз мүдделерін қаржы органдарының әрекеттерін бағыныштылық тәртібі немесе сот тәртібі жолымен қорғай алады.

Қаржылық құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгеруі мен тоқтатылуы заңды фактілер әрекеті мен оқиға негізінде тіркелді.

Әрекет – бұл адамдардың саналы қызметінің өнімі болып табылатын заңды факт. Оларды құқықтық және құқықсыз болуы мүмкін, құқықты әрекеттер мысалына бюджеттің парламенттің бекітілуі туралы заңды қабылдауды; құқықсызға - қаржылық бұзушылықты көлтіруге болады.

Оқиға – бұл адамдар қалауына тәуелсіз пайда болатын маңызды заңды фактілер, мысалы мүліктің жойылуы, төлем мерзімінің келуі.

Материалдық-құқықтық қатынас келесі заңды фактілер негізінде пайда болады:

- қаржы органы мен жеке құқықтық актіні шығару;
- тұлғаның мүлік объектісін сатып алуы;
- қаржылық шартты жасау.

Қаржылық құқық қатынасын өзгерту келесідей заңды фактілерде мүмкін:

- тұлғаның құқықтық мәртебесін өзгерту;
 - мүлік объектісін өзгерту;
 - жасалынған келісімді өзгерту;
- Қаржылық актіні өзгерту немесе келесі жағдайларда мүмкін:
- тұлғаның жаңы жағдайын өзгерту;
 - тұлғаның белгілі жасқа жетуі;
 - тұлғаның әлеуметтік жағдайының өзгеруі.

Қаржылық құқық қатынасын тоқтату үшін келесі әрекеттер керек:

- қаржы міндеттемесін орындау;
- мемлекеттің келесі тарап алдындағы өз міндеттемесін орындаудан бір жакты бас тартуы немесе мемлекеттің контрагентін қаржылық міндеттемесін орындаудан босату немесе келесі жағдайларда да:
- жеке тұлғаның қайтыс болуы немесе заңды тұлғаны жабу;
- мүлікті жоғалту.

Заңды фактілер құқықтық қатынастардың пайда болуын, өзгеруі мен тоқтатылуын қамтамасыз етеді, акпараттық, заңдылық кепілдігі, ынталандыруши функцияларын орындаиды.

Әкімшілік құқықтық қатынастардың түпкілікті мақсаты мемлекетпен бекітілген тәртіпті іске асыру. Материалдық қаржылық құқық қатынастарының объектісі ақша болып табылады, олар негізгі.

Қаржылық құқық құқықтық қатынастар нысаны болып табылатын экономикалық қаржылық қатынасты реттейді. Қаржылық құқық бөлу сатысында пайда болатын экономикалық қаржылық қатынасты, азаматтық құқық айырбастың экономикалық қатынасын реттеді.


Қаржылық құқық қатынасының объектісі деп қаржылық құқықтық қатынасқа қатысушылардың субъективті құқықтары мен міндеттемелері шеңберінде, олардың мүдделерімен анықталатын әрекеттердің бағыты түсініледі.

Қаржылық құқықтық қатынас объектілерінің келесі түрлерін ерекшелейді:

құқық қатынасының материалдық мазмұнынан бөлінетін (салықтар, алымдар, баждар, бюджеттік ассигнациялар, субсидиялар, бюджеттік кредиттер, дотациялар, субвенциялар, мемлекеттік кәсіпорындар пайdasы, айыппұлдар, өсімдер, бересілер, бюджеттер мен бюджеттен тыс қорлар жобасы, бюджеттер және т.б.);

құқық қатынасының материалдық мазмұнынан бөлінбейтін (мемлекеттік қаржылық бақылау, мемлекеттік кәсіпорындарға пайданы бөлу тәртібі және т.б.).

Қаржылық құқықтық қатынас субъектілерінің құқықтары мен міндеттері құқықтық қатынастың заңды мазмұнын құрайды. Қаржылық құқықтық қатынастың негізгі массасы болып реттеу табылады.



Мемлекеттің қаржы институттарының құқықтық негіздері

Мемлекеттің қаржылық қызметінің маңызды қаржы-құқықтық институттары болып ақша жүйесі, қаржы құрылымы, қаржы облысындағы басқару, қаржылық жоспарлау, қаржылық бақылау, қаржы-құқықтық жауапкершілік табылады.

Ақша жүйесінің құқықтық негіздер институтының реттеу объектісі болып негізгі үш элемент табылады:

- ақша массасының құрылымы;
- ақша айналысын ұйымдастырудың қаржы-құқықтық аспектілері;
- валюталық реттеу.

Ақша жүйесі мен валюталық реттеудің құқықтық негіздерін қарыстырайық.

Ақша мемлекет пен мемлекеттік қаржыдан бұрын пайда болды. Мемлекеттік қаржы болып табылатын ақша үшін қаржы міндеттемелері бойынша есеп айырысу құралы функциясы, яғни төлем құралы және ақшаны қорларда шоғырландыру функциясы тән.

Құн өлшемі функциясы тек қана потенциалдық сипатта болады. Ақша эмиссиясы кезінде олардың сатып алушылық құны, ақша айналысының сапасы төмендейді.

Дамудың қазіргі кезеңінде ақша белгілері нысанына ие болды – банкноталар, ассигнациялар, купюралар.

Ақша жүйесі – бұл елдегі ақша қызметінің тарихи қалыптасқан және заңмен белгіленген нысаны.

Ол келесі элементтерді қамтиды:

- ресми ақша бірлігін – ұлттық валютаның атауын білдіретін, мемлекетпен белгіленген ақша бірлігі;
- ақша белгілерінің түрлерін – ақша массасының ұйымдастырылған құрылымы мен ақша белгілерінің номиналы;
- ақша эмиссиясының тәртібін – эмитентті анықтау (ҰБ немесе Қаржы министрлігі);
- валюталық айналыс режимі.

Валюталық айналыс режимі елдегі барлық валюталар қатынасында әрекет ететін, мемлекетпен белгіленген валюталық шектеулер арқылы анықталады. Осыған байланысты валюталар толық айырбасталатын, бөлшекті айырбасталатын, айырбасталмайтын болып бөлінеді. Валюталық монополия – валюталық құндылықтар мен мәмілелерді жасауға мемлекеттің айрықша құқығы. Валюталық бағам – бір елдің валюта бірлігінің келесі ел валютасының бірнеше бірлігінде сипатталған бағасы.

Накты ақшаларға (алтын, күміс және т.б.) және құн белгілеріне (қағаз ақша мен толық емес бағалы монеталар және т.б.) негізделген ақша жүйелерін ерекшелейді. Ақша металлының салмақ саны баға көлемі мен алтын паритеті көмегімен белгіленеді. Қазіргі кезде ұлттық валютаның бағамы сұраныс пен ұсыныс негізінде, саудада анықталады.

Валюталық реттеу – бұл валюталық операцияларды жүргізуідің мемлекет белгілеген тәртібі. Ол мемлекеттің қаржылық қызметінің маңызды бағыты болып табылады. Валюталық рет-

теу бойынша ҚР үшін негізгі құқықтық акт болып ҚР 24.12.1996 жылғы «Валюталық реттеу туралы» Заңы табылады. Оның тапсырмалары - ұлттық валютаны шетелдік валюталардың негативті әсерінен қорғау, валюталық құндылықтарды сактау мен олардың шетелге жылыштауынан алдын алу; мемлекеттік валюталық құндылықтарды жинақтау, ақшалай және материалдық қорларды қалыптастыру үшін жағдай жасау. Валюталық шектеулер валюталық операцияларды жүргізу тәртібін белгілеуді; шетелдік валютаны, капиталды әкелу және әкету тәртібін; пайданы отанына қайтаруды; шетелдік валютадағы түсімнің бір бөлігін мемлекетке міндетті түрде сатуды белгілеуді; шетелдік валюта қатынасында ұлттық валютаның мәжбүрлі бағамын енгізуі; бейрезиденттер үшін шарттарды жүргізуін ерекше тәртібін белгілеуді және т.б. қарастырады.

Валюталық реттеу объектісі болып валюталық құндылықтар және олармен жасалынатын операциялар табылады.

Валюталық құндылықтарға шетелдік валюталарды (басқа елдердің заңды төлем құралдары); шетелдік валютадағы бағалы қағаздарды (чектер, вексельдер, аккредиттер); қор құндылықтарын (акциялар мен облигациялар); қымбат бағалы металлдарды (алтын, күміс); табиғи қымбат бағалы тастарды (асыл тастар) жатқызады.

Валюталық операциялар – бұл валюталық құндылықтарға меншік құқығының ауысуымен байланысты, сонымен қатар шетелдік валютаны төлем құралы ретінде пайдаланумен байланысты мәмілелер; валюталық құндылықтарды әкелу және әкету.

Валюталық реттеудің құқықтық нысандарына нормативтік-құқықтық актілерді шығаруды жатқызады.

Валюталық реттеудің негізгі әдістері болып төмендегілер табылады:

- белгілі мүлікті валюталық құндылықка жатқызу;
- белгілі мүлікті мемлекеттік монополия объектісіне жатқызу, мәмілелерді жасауға құқылы органдарды белгілеу;
- валюталық операцияларды жүргізу тәртібін белгілеу;
- валюталық операциялар бойынша валюталық шектеулерді белгілеу;
- валюталық операцияларға лицензия беру;

- валюталық түсімнің бір бөлігін сату тәртібін белгілеу;
- шетелдік валюта қатынасында ұлттық валютаның ресми бағамын белгілеу;
- алтын-валюта резервтерін қалыптастыру және жұмсау.

ҚР валюталық реттеудің басты органы болып ҚР Ұлттық банкі есептеледі.

Валюталық реттеудің маңызды бағыты болып валюталық бақылау табылады, оның мақсаты – валюталық операцияларды жүргізуде валюта заңдылығын сактауды қамтамасыз ету.

Валюталық бақылаудың негізгі бағыттары:

жүргізілетін валюталық операциялардың әрекеттегі заңдарға сәйкестігін, керекті лицензиялар мен рұхсаттың сақталуын анықтау;

- резиденттердің мемлекет алдындағы шетелдік валютадағы міндеттемелерін, сонымен қатар республиканың ішкі нарығында шетелдік валютаны сату бойынша міндеттеменің орындалуын тексеру;
- шетелдік валютадағы төлемдердің негізділігін тексеру;
- ҚР бейрезиденттерінің валютадағы валюталық операциялар бойынша есепке алу мен есептілігінің толықтығы мен объективтілігін тексеру.

Валюталық бақылау валюталық бақылау органдарымен және агенттерімен (өкілетті банктер) жүзеге асырылады.

Мемлекет ақша жүйесін қалыптастырып, оның қызмет етуін қамтамасыз ету бойынша шараларды қолданады:

- заңды ақша белгілерінің жалғыз эмитенті мемлекет болып табылатын тәргіпті белгілейді;
- шығарылған ақшаны заңды төлем құралы деп жариялады;
- барлық тұлғаларды ақша ретінде ұлттық валютаны пайдалануға мәжбүрлейді;
- мемлекеттік бюджетке барлық төлемдерді ұлттық валютада жүзеге асыруға міндеттейді;
- төлем құралы ретінде шетелдік валютаны қолдануға, заңмен рұқсат етілген жағдайлардан басқа жағдайларда, тыйым салады;
- ақша айналысын реттейді.

Ақша айналысы – тауарлардың ауыспалы айналымына, сонымен қатар тауарлы емес төлемдер мен есеп айырысуларға қызмет көрсететін, ақшаның нақты және нақтысыз нысандағы қозгалысы. Нақты ақша айналысы қағаз және металл ақшамен, ал нақтысыз есеп айырысу төлем тапсырмалары жолымен банк шоттары арқылы жүзеге асырылады. Айналыстағы ақша саны тауарлар бағасының сомасына тұра үйлесімді және ақша айналысы жылдамдығына кері үйлесімді болады. Мемлекет есеп айырысу операцияларын жүргізу тәртібі мен нақтысыз есеп айырысу нысандарын азаматтық құқықтық реттеу шеңберінде белгілейді.

Деноминация – ұлттық ақша бірлігін ақша массасын азайту мақсатында ескі белгілерді жаңасына айырбастау жолымен ірілендіру.

Нуллификация – құнсыздандыған ақша белгілерін жарамсыз деп тану.

Девальвация – мемлекеттің ұлттық валютаның бағамын төмендетуге бағытталған шараларын жүргізу.

Ревальвация – мемлекеттің ұлттық валютаның бағамын көтеруге бағытталған шараларын жүргізу.

Ақша жүйесінің құқықтық негізі болып елдің ақша жүйесін белгілейтін және оның қоғам мен мемлекет мүддесіне сай қызметтің қамтамасыз ететін, елдегі ақша айналысын ұйымдастыратын, қаржы құқығының жалпы бөлім институттары табылады.

ҚР тәуелсіз мемлекет ретінде ақша жүйесін қалыптастыру ҚР Президенттің 12.11.1993 ж. «ҚР ұлттық валютасын енгізу туралы» жарлығымен басталды, осыған байланысты 1993 жылдың 15 қарашасынан 500:1 қатынасында рубльді теңгеге айырбастау басталды.

Қазіргі кезде ұлттық ақша жүйесін ұйымдастыру сұраптары заңды күші бар, 30.03.1995 ж. «ҚР Ұлттық банкі туралы» ҚР Президенттің жарлығымен шешіледі.

ҚР ақша бірлігі болып теңге табылады (100 тиын). Республиканың ақша бірліктері банкноталар мен монеталардан тұрады. ҚР Ұлттық банкі – банкнота (бөлшекті айрбасталатын) шығаратын жалғыз эмиссиялық орталық. Теңгениң баға көлемі (алтын мазмұны) белгіленбеген.

Теңге алтынға да, күміске де айырбасталмайды. Алтын валюта резервтері тек қана теңгенің бағамын ұстап тұру және мемлекеттік қарызыда төлеу үшін ғана пайдаланылады. Мемлекет шығарылған ақшаның төлем қабілеттілігіне, ақша массасын жағдайына жауапты емес, бірақ бүлінген ақшаны жаңасына ауыстырады.

Ресми валюталық бағам ретінде банкаралық валюта биржасындағы валюта сұранысы мен ұсынысы процесінде белгіленетін, ҚР Ұлттық банк бағамы қолданылады. Ақша айналысының тәртібі мемлекетпен қатаң түрде реттеледі.

ҚР Ұлттық банкіне мемлекеттің ақша-несие саясатын жүргізу жүктелген, оның мақсаты ұлттық валютаның тұрақтылығын, оның сатып алушылық қабілеті мен алдыңғы шетелдік валюталар қатынасындағы бағамын қамтамасыз ету болып табылады.

Ақша-несие саясатының құралдары:

- қайта қаржыландырудың есеп ставкасы деңгейі;
- ҚР Ұлттық банкінің депозиттеген міндетті резервтерінің нормативтері;
- ашық нарықта мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу және сату бойынша операциялар;
- валюта нарығында интервенция;
- валюталық шектеулерді енгізу.

Қаржы құқығына ақша қатынасын реттеу емес, ақша жүйесін ұйымдастыру мен ақша айналысын ұйымдастыруды жатқызады.

Енді қаржы құрылымының құқықтық негізіне өтеміз.

Қаржы құрылымы бірқатар сұраптарды шешу процесінде қалыптасады: нені және қандай көлемде қаржыландыру көрек; қаржыландыруды қандай ақшалай қордан жүзеге асыру көрек; қорларды қандай көздерден толтыру көрек. Сонымен қатар, мемлекеттік ақшалай қорларға кірістерді жинау мен осы қорлардан мемлекеттік шығыстарды жүзеге асыру, көрсетілген корды басқа қорлармен үйлестіру бойынша жұмыстарды жүзеге асыру жүктелетін органдарды анықтау қажет.

Осылайша, қаржы құрылымы өзара байланысты үш компонентті көрсетеді:

- мемлекеттің сәйкес қаржы-экономикалық институттармен сипатталған, мемлекеттік ақшалай қорлардың жиынтығы ретіндегі қаржы жүйесін;

- мемлекеттің бекітілген ақшалай қорларды басқаруды жүзеге асыратын қаржы органдары жүйесін;
- мемлекеттің, қаржы жүйесіне, оның қалыпты қызметін қамтамасыз ету мақсатында ықпал етуді ұйымдастыру үшін, пайдаланатын тәсілдер мен әдістер, құралдар жиынтығы ретіндегі қаржылық реттеуді.

Мемлекеттің қаржы құрылымына арналған құқықтық нормалар жиынтығы қаржылық құқық институтын көрсетеді. Қаржы құрылымының құрамдас белгілі болып буындар табылады. Қаржы жүйесінің буыны «қаржы жүйесі институты» түсінігімен бірдей емес, сондықтан ол ақшалай қаражаттардың белгілі қорымен сипатталған қаржы жүйесінің институттарын ғана емес, мемлекеттік органдармен көрсетілген белгілі басқару құрылымын, сонымен қатар осы қорды қалыптастыру, белу және пайдалануды ұйымдастыру процесін қамтамасыз ететін, осы қорғатән қаржылық реттеу әдістерінің жиынтығын да қамтиды.

Қаржы жүйесінің бюджет элементі бюджет жүйесін, бюджеттік басқаруды, бюджеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жүйесін қамтиды. Онда республикалық және жергілікті бюджет бар және кірістердің негізгі улесі республикалық бюджетке түседі. Бұл оның кірістерінің бір болігін жергілікті бюджеттер арасында қайта белуге мүмкіндік береді, сондықтан жергілікті бюджеттердің дербестігі туралы айтуға негіз жоқ.

Құқықтық категория ретінде бюджет – бұл мемлекеттің немесе жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі қаржылық жоспары, оның кірістері мен шығыстарының тізімі, ал материалдық мазмұны бойынша – мемлекеттің республикалық және жергілікті деңгейдегі ақшалай қоры. Оның құқықтық негізі болып ҚР Бюджет кодексі табылады. Ол қаржылық реттеу мақсатына қызмет етеді, республиканың бюджет заңдарының жалпы принциптерін, бюджет жүйесінің қызмет етуінің құқықтық негіздерін, бюджеттік құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтық жағдайын, бюджет аралық қатынастарды реттеу тәргібін белгілейді; бюджеттік процесс негіздерін, бюджет заңдарын бұзуға жауапкершілік негізі мен жауапкершілік түрлерін анықтайды.

Бюджет – бұл құқықтың орталық институты, өйткені мемлекеттік республикалық және муниципалды ақшалай қорлардың негізгі массасының шоғырлануы, бөлінуі мен пайдаланулы әртүрлі деңгей бюджеттері нысанында жүргізіледі.

Бюджеттік құқық – бұл өзіне бюджет жүйесінің құрылымын белгілейтін, қаржы-құқықтық нормалардың; бюджеттік кірістер мен шығыстар тізімін, оларды бюджеттердің түрлері арасында белу тәргібін; биліктің әрбір деңгейінің бюджеттік құқығын, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қоғамның басқа қажеттіліктерін қаржылық қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік бюджеттен тыс қорларды қалыптастыру мен пайдалануды реттейтін бюджеттік процесс регламентін; сонымен қатар бюджет заңдылығына жауапкершілікті белгілейтін қаржы-құқықтық нормаларды қамтитын, қаржы құқығының белгілі. Бюджеттік құқықтың реттеу пәні болып бюджеттің қалыптасуы мен бюджеттік қаражаттарды белу және пайдаланумен байланысты бюджеттік қатынастар табылады.

Бюджет кодексі – мемлекеттің қаржының барлық деңгейлерінде бюджет аралық қатынастарды анықтайтын және реттейтін заңды акт. Бюджет аралық қатынастар Бюджет кодексімен белгіленген принциптер негізінде құрылады.

ҚР Бюджет кодексіне сәйкес бюджеттік процесс бюджет жобаларын, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың жобаларын әзірлеу мен қарастыру, бюджеттер мен мемлекеттік бюджеттен тыс қорларын бекіту мен аткарар, сонымен қатар оларды атқаруды бақылау бойынша мемлекеттік билік органдарының, өзін-өзі басқару органдары мен бюджеттік процесске қатысушылардың қызметтерін құқықтық нормаларымен реттейтін бюджеттік процесті көрсетеді. Осы қызмет процесінде пайда болған қоғамдық қатынас бюджеттік құқықтық нормаларымен реттеледі және бюджеттік құқық қатынасы болып табылады. 2009 жылдан бастап Қазақстанда жаңа Бюджет кодексі әрекетін бастады. Оның негізінде З жылдық бюджет қалыптастырылған.

Құқықтық әдебиеттерде мемлекеттік кірістер қоғамның үлттық кірісінің белгілін белу және қайта белу процесінде мемлекет иелігіне (меншігі) түсетін және мемлекеттік тапсырма-

ларды жүзеге асыру мен сәйкес функцияларын орындауда пайда болған, қажеттіліктерді қаржыландыру үшін пайдаланылатын, әртүрлі ақшалай ресурстар арасындағы айырмашылық ретінде анықталады. Мемлекеттік кірістер мемлекеттің қаржылық қызметінің негізін құрайды.

Орталықтандырылған мемлекеттік кірістерді (бюджет) және орталықтандырылған (мемлекеттік кәсіпорындар кірістері), салықтар және салықтық қеместүсімдерді ерекшелейді. Мемлекеттік кірістердің құқықтық негізі болып ҚР Бюджет кодексі мен ҚР «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Заңы табылады. Соңғысы салықтық құқықтық қатынастар реттелетін, салық құқығының нормативтік құжатын сипаттайды.

Салықтық құқық қатынасы – заңды жеке тұлғалардан, салық төлеушілердің басқа категорияларынан салықты алу жөнінде пайда болған, салық құқығы нормаларымен реттелетін қоғамдық қаржы қатынастары. Салықтық құқық қатынастарының негізгі мазмұны болып салық төлеушінің бюджет жүйесіне немесе бюджеттен тыс мемлекеттік қорларға белгіленген ставкаға сәйкес және белгіленген мерзімде, белгілі соманы енгізу міндетті табылады. Өкілетті органдардың міндетті – салықтың төленуін қамтамасыз ету. Салық құқығының субъектілері болып салық төлеушілер, салық қызметі органдары мен банктер табылады.

Мемлекеттік шығындардың құқықтық негізгі болып Бюджет кодексі қызмет етеді.

Қаржы құқығы теориясында мемлекеттік шығыстар мемлекеттің қоғам өмірін қамтамасыз ету, мемлекеттік басқару, ел қорғанысы, өндірісті дамыту, әлеуметтік-экономикалық және мәдени қажеттіліктерге деген шығындары ретінде анықталады. Мемлекеттік шығыстардың мазмұны мен құрылымы осы қаржы жылы мемлекеттің шешетін тапсырмаларына тәуелді болады. Бюджет шығыстары облысындағы қаржылық құқықтық қатынастар тек қана құқық қатынасы ретінде болады. Мемлекет шығыстардың түрлерін, шығыстардың нормаларын, қаржыландыру объектілерін белгілейді және бұзушылардан өндіріп алады.

ҚР қаржы жүйесі институттарының бірі болып мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар элементі табылады. ҚР Бюджет кодексінде мемлекеттік бюджеттен тыс қорларға бюджеттен тыс құрылатын

және азаматтардың зейнетақы мен қамсыздандыруға, сырқаты, мүгедектігі, асыраушысын жоғалту оқиғасы, бала туу мен баланы тәрбиелу, жұмыссыздық бойынша, әлеуметтік қамсыздандыруға, ақысыз медициналық көмек алуға конституциялық құқықтарын іске асыруға арналған ақшалай қаражаттар қоры ретінде анықталады. Ақшалай қаражаттардың бюджеттен тыс қорларын құру маңызды ақша ресурстарын шоғырландыруға және оларды белгілі әлеуметтік-экономикалық тапсырмаларды шешүге бағыттауға мүмкіндік береді. Бюджеттен тыс қорлардың қаражаттары мемлекеттің меншігінде болады, бірақ бюджет жүйесінің деңгейлер бюджеттің құрылымына енбейді және алып қоюға жатпайды.

Бюджеттен тыс қорларды қалыптастыру мен пайдаланудың құқықтық негізгі болып ҚР Бюджет кодексі, ҚР «ҚР зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңы, ҚР «Міндетті әлеуметтік сактандыру туралы» Заңы, ҚР «Халықтың еңбекпен қамтылуы туралы» Заңы табылады.

Мақсатты мемлекеттік бюджеттен тыс корлар қаржы құрылымының ең өзгермелі элементі болып табылады, олар құрылды, біршама уақыт өмір сүрді, ал сонынан жабылды. Мақсатты қорлар өз басқару органдарына, кірістер көздеріне, жұмсалу бағытына ие. Олардың барлығы мемлекеттік болады және бюджетте жеке жолмен көрсетілді. Бұл қорлардың құқықтық мәртебесі әлі де болса жеткілікті реттелмеген.

Мемлекеттік емес бюджеттен тыс қорлар (мысалы, жеке жинақтаушы зейнетақы қорлары) мемлекеттің қаржы жүйесіне енбейді және қаржы құқығымен реттелмейді.

Құқықтық категория ретінде мемлекеттік кредит – бұл бюджет тапшылығын жабу және ақша айналысын реттеу мақсатында ерікті, қайтарымдылық, мерзімділік және төлемділік шарттымен мемлекеттің заңды және жеке тұлғалардың уақытша бос ақшалай қаражаттарын тарту процесінде қалыптастан, қоғамдық қатынастарын реттейтін, қаржы-құқықтық нормаларының жиынтығын көрсететін, қаржы құқығының жеке институты.

Мемлекеттік кредиттің құқықтық негізі болып ҚР Конституциясы, ҚР «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңы табылады. Құқықтық көзқараста мемлекеттік кредит – бұл бюджет

тапшылығын жабу және ақша айналысын реттеу мақсатында ерікті, мерзімді және қайтарымдылық принциптерінде мемлекеттің заңды және жеке тұлғалардың уақытша бос ақшалай қаражаттарын шоғырландыруы бойынша құқықтық нормалармен реттелген қатынасы.

Мемлекеттің қаржы жүйесінің банктік элементі екі деңгейлі банк жүйесін қамтиды. Қазақстан Республикасында ол мемлекеттік Ұлттық банк және бірқатар коммерциялық банктер, тек қана мемлекеттік банктер. Сонымен қатар, мемлекеттік банк республикалық және жергілікті бюджеттерге, бюджеттік мемлекеттік қорларға, яғни экономиканың мемлекеттік секторына, жекелеген мемлекеттік бағдарламаларға қызметету үшін құрылады. Сонымен қатар, мемлекет өзіне елдегі банк ісін үйімдастыру, жеке банктердің қызметін реттеу функциясын алады. Осы функцияларды атқаратын Ұлттық банк мемлекеттің жалғыз эмиссиялық орталығы болып табылады, ақша айналысын үйімдастырады және валюталық реттеуді жүзеге асырады, құқықтық актілерді қабылдайды, халықпен емес, тек қана коммерциялық банктермен жұмыс істейді. Қаржы құқығы сферасына мемлекеттік банктердің ақшалай қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдалануды үйімдастыру бойынша қатынастары түседі. Жеке банктердің қызметі, оның ішінде оларды нормативтік актілерді құру жолымен реттеу қаржылық құқық сферасына емес, азаматтық құқық сферасына (банк шоттарының құқықтық режимін белгілеу немесе нақтысыз есеп айырысуды жүргізу тәртібін белгілеу) немесе әкімшілік құқық сферасына (ҚР Ұлттық банкпен лицензия беру, коммерциялық банк фирмаларын ашуға рұқсат беру) жатады. Осылайша, қаржы құрылымының құрамдас бөлігі ретінде банк буынына тек қана ҚР Ұлттық банкі және оның ақшалай қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдалану сұрақтары, эмиссиялық функция, ақша айналысын үйімдастыру және валюталық реттеуді үйімдастыру жатады. Мемлекеттік және коммерциялық банктерде несиелеу, шарттарды ашу, нақтысыз есеп айырысу өндірісі азаматтық құқық пәні болып табылады.

Қаржы жүйесінің сактандыру элементі екі құраушымен көрсетілген:

- әлеуметтік сактандыру;
- сактандыру оқиғасының нәтижесі бойынша сактандыру қорғанысын ұсыну нысаны ретінде.

Біріншісі ауруы, мүгедектігі, қартауы, жұмыссыздығы және т.б. себептер бойынша өзінің өмір сүруі үшін, өзін кіріспен қамтамасыз ете алмайтын, еңбекке қабілетті және еңбекке қабілетсіз (зейнеткер) жастағы азаматтарды қолдайтын, әлеуметтік сактандыруды сипаттайтыды. Ол мемлекеттік бюджет пен мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың шығыстары негізінде жүзеге асырылады. Қаржы құқығы сферасының екінші құраушысына мемлекеттік сактандыру компаниялары және мемлекет есебінен жүзеге асырылатын сактандыру жатады: мемлекеттік мұлікті, әскерлердің, құқық қорғау органдарының және т.б. жұмысшыларының өмірлерін сактандыру.

Коммерциялық сактандыру компанияларының қызметін бақылау мен реттеу ҚР Ұлттық банкі және ҚР Қаржы министрлігінің бөлімшесі болып табылатын қаржы нарығын және қаржы үйімдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (ҚҚА) немесе азаматтық, немесе әкімшілік құқық шеңберінде жүзеге асырады.

Сактандыру - құқықтық категория ретінде жылжымайтын мұлікті, қондырғыларды, банктік салымдарды сактандыру, жекелеген кәсіп жұмысшыларының өмірі мен қауіпсіздігін, сауда теніз жүзу объектілерін және т.б. сактандыру реттелетін ҚР Конституциясы, ҚР «Сактандыру туралы» Занды, ҚР «Міндетті сактандыру туралы» Заңы, ҚР «Ипотека туралы» Заңы және т.б. міндеттінде сактандыру қорын құру мен жобалануда пайда болған қоғамдық қатынас ретінде қарастырылады.

Сактандыру мемлекеттің қаржы жүйесінің сактандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану ережесінде құралатын қаржы қатынасын құрайтын институттардың бірі; қаржы құқын реттеу пәні болып табылады.

Қаржы құқығының нормалары әкімшілік-құқық нормаларымен бірге сактандыру қорларын қалыптастыру көздерін, оның мемлекеттің қаржы жүйесінің басқа буындарымен, оның ішінде бюджет жүйесімен ара қатынасын, сактандыру қорының қаражаттарын пайдалану тәртібін, сактандыру облысында мемлекеттік билік органдарының құзіретін реттейді.

Азаматтық құқық нормалары әртүрлі сактандыру құқықтық қатынастардың пайда болу негізdemесін, олардың субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін регламенттейді, сактандыру обьектілерін, олардың нысандарын бекітеді және т.б.

Мемлекеттің қаржы жүйесінің орталықсыздандырылған элементі ақшалай қорлармен көрсетілген:

- меншікті кіріс есебінен өмір сүретін мемлекеттік кәсіпорындар;
- мемлекеттік бюджет пен бағынышты мекемелердің ақшалай қорлары арасында аралық орынды алатын министрлік пен ведомствалар;
- мемлекет есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік бюджеттік мекемелер.

Сметалық – бюджеттік қаржыландырудың мәні өз кірістері жоқ, өндірістік емес сфераның мемлекеттік және муниципалды мекемелерінің өздерін ағымды ұстау мен өндірісті кеңейтудің барлық шығындарын бюджет есебінен, қаржылық жоспарлар шығындар сметасы негізіне жататындығында. Сметага сәйкес қаржыландыру көлемі барлық деңгейдің бюджеттерінде бекітіледі. Осында шығындар сомасы бюджеттік ассигнациялар сипатында болады.


Сметалық – бюджеттік қаржыландыру – бұл ақшалай қаражаттарды қаржыландырудың жалпы принциптері негізінде, қайтарымсыз және ақысыз боласат. Өндірістік емес сфераның барлық мемлекеттік мекемелері сметалық-бюджеттік қаржыландыруда болады. Мысалы, Қорғаныс министрлігіне республикалық бюджетten әскери бөлімшелерге бөлінетін, ақшалай қаражаттардың белгілі сомасы бөлінеді.

Қаржы жүйесі мемлекеттің қаржылық құрылымына құрамдас бөлік болып енетін, қаржы қызметін жүзеге асыратын органдар жүйесі түріндегі атқарушы аппаратқа ие.

Қаржылық реттеу қаржылық құрылым элементі болып табылады, оның тапсырмасы мемлекеттің қаржы жүйесінің қызметі мен оның бөлімдерінің өзара байланысын үйімдастыру. Онда келесі әдістер пайдаланылады:

- мемлекеттің қаржы жүйесінің құрамын қалыптастыру, оған енетін ақшалай қорлардың түрлері мен олардың өзара әрекеттерін анықтау;
- сеніл тапсырылған ақшалай қорлардың қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың құзыреттілігін белгілеу;
- мемлекеттік кірістерді мемлекеттің ақшалай қорлары арасында бөлу;
- мемлекеттік шығыстарды мемлекеттің ақшалай қорлары арасында бөлу;
- мемлекеттің қаржы жүйесі құрамына енетін қорлардың ақшалай қаражаттарын қалыптастыру мен бөлуді жоспарлау;
- мемлекеттік қорлардан бөлінетін ақшаны пайдалануды үйімдастыру;
- мемлекеттік ақшалай қаражаттарды пайдалануға бақылауды жүзеге асыру;
- қаржы заңдағының бұзғаны үшін қаржы-құқықтық жауапкершілігін белгілеу және белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тарту.

Қазіргі кезде республикадағы қаржы заңдағының жетілдегендігін айта кету қажет. Ол бөлшекті, оның жекелеген элементтері бір - біріне сәйкес келмейді.



7.4.

Қаржылық құқық бұзушылық

Қаржылық құқық бұзушылық қаржы-құқықтық жауапкершілікке негіз болады. Ол заңды факт болып табылады, оның негізінде заңды жауапкершілік құқық қатынасы пайда болады.

Қаржылық құқық бұзушылықтың негізгі белгілерін атайды:

- құқыққа қайшылық, яғни қаржы құқығы нормаларын бұзу;
- қоғамға қайшылық, яғни мемлекетке шығын келтіру;
- айыптылық, яғни әрекетті қасақана немесе абайсыздықта жасау;

- жазаланушылық, яғни қаастырылған қаржылық жауапкершілік.

Қаржы заңдылығы нұсқамасын орындау мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен қамтамасыз етіледі.

Мемлекет қаржы заңдылығының нұсқамаларын орындаудайтын тұлғалар үшін, оларға ықпал ету шараларының кешенін өзірлейді. Бұл жерде ең алдымен мемлекет алдындағы қаржылық міндеттемелерді атқару құралы айтылады.

Қаржы құқығы мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының кең кешеніне ие:

- салық қызметі органдарымен бересіні мәжбүрлеп өндіріп алу;
- салық төлеушінің мүлкіне қолданылатын өндіріп алу;
- салық мөлшерін мәжбүрлеп түзету;
- банк шоттары бойынша операцияларды тоқтата тұру;
- бюджеттік қаражаттарды алып қою;
- борышкерден бюджеттік кредит сомасын мәжбүрлеп есептеген шығару;
- құқықтық нормаларды бұзушыларды жауапкершілікке тарту.

Мемлекеттік мәжбүрлеу нысандары:

- тұлғаның, қаржы заңдалығын орындаудан көрінетін, қайши әрекетіне мемлекеттің ықпалы;
- субъект заңга қайши әретекті жасады және қаржылық құқық бұзушылық құрамы қалыптасты;
- мәжбүрлеу – қаржылық қатынас субъектілерінің нұсқаманы дұрыс орындаудың қамтамасыз ету тәсілі;
- қаржылық, әкімшілік және қымыстық құқық шаралары қолданылады;
- салықты төлемеушінің барлық мүлкіне қолданылатын өндіріп алу;
- өндіріп алудың женілдетілген тәртібі қолданылады;
- салық төлеушінің құқығын қорғау сақталады;
- санкция ретінде заңды жауапкершілік түріндегі өсім мен айыппұл қолданылады.

Заңды жауапкершілікке таратудың мақсаты қаржы заңдылығының сақтауды қамтамасыз ету, мемлекеттік мұддені қорғау, қайта бұзушылыққа жол бермеу.

Қаржылық құқық бұзушылық келесі түрлерде болуы мүмкін:

- айыппұлдан басқа, түзету жұмыстарын, бас бостандығынан айыруға әкелетін қылмыс;
- әкімшілік айыппұл салуға әкелетін әкімшілік қылыш;
- өсім мен айыппұл салуға әкелетін қаржылық құқық бұзушылық.

Салық салу сферасында келесілер құқық бұзушылық деп есептеледі:

- салық есептелігін уақтылы өткізу;
- салықтар мен бюджетке басқа да міндетті төлемдерді төлемеу;
- кірістер мен түсімдер сомасын төмендету;
- салық агенттің салықты ұстамауы;
- салық салуға жататын кірістер, шығыстар мен объектілердің есебінің болмауы;
- банктердің салықтық қарыздарды өндіріп алу туралы салық органдарының шешімдерін орындауы және т.б.

Бюджеттік сферада құқық бұзушылық деп келесілер танылады:

- бюджеттік қаражаттардың мақсатсыз пайдаланылуы;
- бюджеттік қаражаттарды алушыларға аудармау;
- шығыстарды бекітілген лимиттерден асыра қаржыландыру;
- кірістерді бюджетке міндетті төлемеу және т.б.

Валюталық реттеу облысында құқық бұзушылық қатарына келесілер жатады:

- валюталық операцияларды валюта заңдылығын бұза отырып жүргізу;
- валюталық операцияларды бухгалтерлік есепте сипаттамай жүргізу;
- валюталық операцияларды есептілікте дұрыс бермеу және т.б.

Қаржылық құқық бұзушылық белгілері болып келесілер табылады:

- құқыққа қайшылық, яғни қаржылық құқық нормаларын бұзы;

- кінәлілік, яғни құқықты қасақана немесе абайсыздықты бұзу;
- келтірілген шығын мөлшері;
- занға қашы әрекет пен пайда болған салдар арасындағы себепті байланыстың болуы;
- занды жауапкершіліктің болуы.

Әрбір қаржылық құқық бұзушылық өз құрамына немесе элементтеріне ие.

Қаржылық құқық бұзушылық құрамы – бұл айыптыға занды жауапкершілік шараларын қолдану үшін негіз болып табылатын, әрекет, қаржылық құқық бұзушылық болып табылатын, құқық нормаларымен қарастырылған элементтер жиынтығы.

Қаржылық құқық бұзушылық элементтері болып құқық бұзушы субъект және объект, құқық бұзушылықтың объективті және субъективті жақтары табылады.

Құқық бұзушылық субъектісі – бұл құқықты бұзған және занды жауапкершілікке тартуға жататын тұлға.

Құқық бұзушылық объектісі болып мемлекеттің қаржы жүйесі, қаржы-құқықтық жауапкершілігі, шараларымен қорғалатын, ақшалай қаражаттардың мемлекеттік қорларын құру, бөлу, пайдаланудың мемлекет белгілеген тәртібі табылады.

Құқық бұзушылықтың объективті жағы қаржы құқығымен тыым салынған әрекет немесе әрекетсіздік.

Құқық бұзушылықтың субъективті жағы субъектінің занға қайши әрекеттен немесе әрекетсіздіктен, олардың салдарына психикалық қатынасынан, оның қасақаналық немесе абайсыздық нысанынан көрінеді.

Қаржы қатынасындағы құқық бұзушылық өте көп. 2008 жылдың караша айында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігіне екенші деңгейлі банктерге қатысты, жеке және занды тұлғалардан, мемлекеттік ұйымдардан 158 (31,7%) шағым; БҚН субъектілерінен – 1,3%, сактандыру ұйымдарынан – 10,1%, ЖЗҚ қызметінен – 13,3%, заң ұрактары бойынша – 35,4%, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі реттемейтін ұрактар бойынша – 8,2% шағым түсті.



Бақылау ұрактары:

1. Қаржы құқығы пәні мен әдістерін анықтаңыздар.
2. Қаржылық қызмет процесінде занғылықты қамтамасыз ету тәсілдерін атаңыздар.
3. Қаржылық құқықтың жалпы бөліміне нелер кіреді?
4. Қаржылық құқықтың әрекеше бөлімінің обьектілерінің мазмұны қандай?
5. Қаржылық құқық обьектілері мен субъектілерін атаңыздар.
6. «Қаржы-құқықтық норма» түсінігіне анықтама беріңіз. Қазақстан Республикасында пайдаланылатын қаржы-құқықтық нормаларының түрлерін атаңыздар.
7. Қаржылық құқық қатынастарының мазмұнын анықтаңыздар, олардың түрлерін көрсетіңіздер және оларға сипаттама беріңіз.
8. Ақша жүйесі мен валюталық реттеудің құқықтық негіздерін атаңыздар.
9. Қаржы құрылымның құқықтық негіздерін көрсетіңіздер. Бюджеттік компонент, бюджеттен тыс қорлар компонентін, мемлекеттік кредит компоненттерін, банктік компоненттерді, бөлшектенген компоненттерді және қаржылық реттеу компоненттерін сипаттаңыздар.
10. Мүмкін қаржылық бұзушылықтың мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын атаңыздар.